



## Әділет органдарының ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың заттай нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 191 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10655 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 23 ақпандағы № 179 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 23.02.2026 № 179 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 69-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған әділет органдарының ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті аталған бұйрықты заңнамамен бекітілген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты іске асыру тиісті кезеңге арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

4. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары Б.Ж. Әбдірайымға жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 191 бұйрығымен бекітілген

**Әділет органдарының ерекше үй-жайларына арналған алаңдардың заттай нормаларын бекіту туралы**

№ р/с	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың алаңы
1	2	3	4
	Әділет органдарына арналған ерекше үй-жайлар		
1	Жылжымайтын мүлікті, заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің мұрағаты үшін үй-жай:	шаршы м.	
	Аудандық (қалалық) әділет басқармасы		220
	Облыстың, Астана және Алматы қалаларының Әділет департаменті		600

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК